

Отырар ауыл округі Арыс ауылының А. Құлбатыров көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Отырар ауыл округі әкімінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 65 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 3453 болып тіркелді. Күші жойылды -Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Отырар ауыл округі әкімінің 2016 жылғы 4 ақпанда № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Отырар ауыл округі әкімінің 04.02.2016 № 9 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Отырар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 184 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Отырар ауыл округі Арыс ауылының А.Құлбатыров көшесінің тұрғыны Ф.Әдібаеваның итінің құтырық ауруымен ауруына байланысты А.Құлбатыров көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Отырар ауыл округінің әкімі

С.Сейілбек